«БЕКІТЕМІН»
Тәкей Есетов атындағы
№264 мектеп-лицей
директоры Б.С.Тумурзаев

# Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 2023-2024 оқу жылында «Тоғыз айға тоғыз шара» жүргізілетін тәрбие жұмыстарының іс-шаралар жобасының жоспары

Scanned with CamScanner

## «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

**Жалпы ережелер**

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) білім беру ұйымдарында тоғыз айдағы іс-шараларды өткізудің атаулары мен бірыңғай тәртібін реттейді.

Тұжырымдама өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде ай сайынғы іс-шараларды өткізуге бірыңғай көзқарасты қамтамасыз етуге бағытталған. Іс-шараның тақырыптары, ережелері, мазмұны бірыңғай тәсілдеме арқылы жүзеге асырылады.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережесі, сондай-ақ білім беруді ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруды жоспарлау бойынша ғылыми ұсыныстар негізінде әзірленді.

**Тұжырымдамалардың мақсаты мен міндеттері**

Мақсаты: «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында білім беру ұйымдарында іс-шаралар өткізудің мазмұнын мен бірыңғай тәсілдемесін әзірлеу.

Міндеттер:

1) іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің бірыңғай форматын әзірлеу;

2) іс-шараларды өткізудің бірыңғай форматы арқылы білім беру ұйымдары арасында ынтымақтастық орнату;

3) білім алушылар бойында ұлттық құндылықтарды дарыту.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жоспары

- **қыркүйек** Сергіту сәті
- **қазан** Әнұран айту
- **қараша** Асық ату
- **желтоқсан** Шығарма жазу: болашаққа хат
- **қаңтар** Қазақ есебі
- **ақпан** Оқуға құштар мектеп
- **наурыз** Домбырашылар
- **сәуір** Шахмат ойнау
- **мамыр** Жасылмекен

Scanned with CamScanner

**«Домбырашылар» челленджі**

Домбыра – қазақ халқының қастерлі ұлттық музыкалық аспабы. Бабаларымыздан мирас болып қалған домбыраның тарихи тамыры ғасырларға ұласады. Домбыра – баға жетпес жәдігер, қазақ халқының бойтұмары.

Домбыра тарту арқылы білім алушылардың бойында қазақ халқының мәдени мұрасы дариды, рухани дамуына көмектеседі, эстетикалық тұтастықты қалыптастырады. Домбырада ойнаудың арқасында ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас қалыптасады, отансүйгіштікке, бірлікке, сенімге, қонақжайлылыққа, мейірімділік пен ынтымақтастыққа, айналадағы адамдарға, табиғатқа деген етене жақындық сезіміне тәрбиеленеді, осылардың негізінде шығармашыл тұлға және оның рухани-адамгершілігі қалыптасады.

**Мақсаты:** Білім алушылардың эстетикалық, патриоттық сезімдерін, рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, балалардың домбыра тарту мәдениетін насихаттау, еліміздің мәдени мұрасын сақтау.

**Міндеттері:**

- ✓ қазақ халқының музыка өнеріне деген қызығушылығын ояту;
- ✓ орындау дағдысын қалыптастыру;
- ✓ қазақ халық аспаптарының тембрлі дыбысы туралы білімдерін кеңейту;
- ✓ домбыра тартуда музыкаландырудың ұжымдық түрін жетілдіру.

**Әдістемелік ұсынымдар:**

**Өткізу мерзімі: 17.03.2023 ж**

**Уақыты:** түскі 12:00

**«Домбырашылар» челленджі**– балалар мен жастардың, ұстаздар мен ата-аналардың музыкалық өнер саласындағы шығармашылық жетістіктерін көрсету және домбыраны насихаттау.

**Үйлестірушілер**: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі.

**Ұйымдастырушылар:** жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары.

**Орындалатын шығармалар:** «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай» күйлері

**Қатысушылар:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, оқытушылары.

**Деректемелер:** домбыралар, орындықтар.

**Өткізілетін орны**: республикамыздың барлық елді-мекеніндегі жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары.

**Іс шараның ақпараттық жария етілуін әрбір білім беру ұйымы** бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы **жариялайды**

**# қазаққүйі**

**# домбырашылар**

**# домбристыказахстан**

**# күйойнайдытөрімде**

Scanned with CamScanner

**«Шахмат ойнау» челленджі**

Шахмат – көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір - ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахматтың тәрбиелік мәні бар: ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретеді, зейіннің шоғырлануын дамытады.

Шахмат – жинақылық, сыни тұрғыдан ойлау, абстрактілі ойлау, есептерді шешу, үлгіні тану, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық, талдау, синтез және бағалау сияқты өмір бойы ақыл-ой дағдыларын дамытатын шексіз зияткерлік жаттығулар.

**Мақсаты:** білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту.

**Міндеттері:**

✓ білім алушылардың шахмат ойнауға қызығушылығын қалыптастыру;

✓ білім алушылардың сыни және логикалық ойлауын дамыту;

✓ челлендж қатысушылары арасында қарым-қатынасты жақсарту;

✓ еліміздегі білім алушылар арасында шахмат ойынын кеңінен насихаттау.

**Әдістемелік ұсынымдар:**

**Өткізу мерзімі:** 12.04.2023 ж

**Уақыты:** түскі 12:00

«Шахмат ойнау» челенджі – оқушылардың интеллектуалдық қабілетін шахмат ойыны арқылы көрсету.

**Үйлестірушілер**: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі.

**Ұйымдастырушылар:** жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары.

Барлық білім беру ұйымдарында шахмат ойнау челленджі бір уақытта басталады және челленджгеқатысушылардың киімдерін **әрбір білім беру ұйымы** өз ықтиярымен таңдайды.

**Қатысушылар:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, оқытушылары.

**Челлендж реквизиттері:** үстелдер, орындықтар, шахмат тақтасымен және шахмат сағаты.

**Ойын шарттары:**

Ойын ФИДЕ ережелері бойынша өтеді. Екі топ арасындағы шайқас: біріншісі – білім алушылар тобы, екіншісі – педагогтер тобы. Ойын рапид уақытымен бақылау арқылы өтеді. Қатысушыларға жеңісі үшін – 2 ұпай, жеңілісі үшін – 0 ұпай, тең ойынға – 1 ұпайдан беріледі. Әр шахмат тақтасының нәтижесі бойынша жеңімпаз топ анықталады.

**Өткізілетін орны**: республикамыздың барлық елді-мекеніндегі жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары.

**Іс шараның ақпараттық жария етілуін әрбір білім беру ұйымы** бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы **жариялайды**

**#игравшахматы #қазақстаншахматшылары #шахматойыны #яшахматист**

Scanned with CamScanner

**«Жасыл мекен» челленджі**

**«Жасыл мекен»** челленджі көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен карауды дәріптеумен қатар, еңбек құндылығын қалыптастыруға, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады.

«Жасыл мекен» челленджі білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті дарытуға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, қоршаған ортаға ғана емес, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған. Көшеттер отырғызу «мұғалім – білім алушы – ата-ана» үштігінің қарым-қатынасын нығайтуға көмектеседі.

**Мақсаты:** білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу.

**Міндеттері:**

- ✓ білім алушылардың қоршаған ортаға қамқорлық сезімін ояту
- ✓ білім алушылардың табиғатқа ұқыптылықпен қарауын дамыту
- ✓ еңбекке деген құрмет сезімін ояту;

**Әдістемелік ұсынымдар:**

**Өткізу мерзімі:** 12.05.2023 ж

**Уақыты:** түскі 12:00

**Үйлестірушілер:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі.

**Ұйымдастырушылар:** жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары.

«Жасыл мекен» білім алушының еңбекетудегі белсенділігі мен қоршаған ортаға деген қамқорлығын көрсетеді.

білім беру ұйымдарына қарасты барлық аймақтарда бір мезгілде **жүзеге асырылады.**

Әрбір білім беру ұйымы сайысқа қатысушылардың киімдері мен көшет отырғызатын орынды өз ықтиярымен анықтайды.

**Қатысушылар:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері, оқытушылары.

**Деректер**: көшеттер, күректер, қолғаптар, шелектер және су.

**Өткізілетін орны**: республиканың барлық елді мекендеріндегі жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары.

**Іс шараның ақпараттық жария етілуін әрбір білім беру ұйымы** бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы **жариялайды**

**# табиғатқақамқорлық**

**# заботаоприроде**

**# жасылмекен**

**# еңбекқорлық**

Scanned with CamScanner

**«Сергіту сәті» челленджі**

Бүгінгі таңда білім беру саласындағы мемлекеттік саясат оқу-тәрбие процесінің денсаулық сақтау моделін жетілдіруге бағытталған. Осы стратегияны іске асыру үшін білім беру процесіне қатысушылардың денсаулығын сақтауға бағытталған түрлі педагогикалық технологиялар, іс-әрекет түрлері ұсынылады.

Білім алушылардың оқу күні айтарлықтай психикалық және эмоционалдық жүктемелерге толы, ұзақ уақыт статикалық күйде болу бұлшықеттердің шамадан тыс күш түсуіне әкеледі. Педагогикалық тәжірибеде өнімділікті тез қалпына келтіру үшін сергіту сәттерін қолдану тиімді екенін көрсетеді.

Сергіту сәті – бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, сондықтан оларды орындау кезінде түрлі бұлшықет топтары қамтылады.

Сергіту сәті – білім алушылардың ұзақ монотондыпозасынан туындаған статикалық кернеуді жеңілдету мақсатында сергіту сәті жаттығуларын өткізуге арналған сабақ процесіндегі қысқа мерзімді үзілістер.

Олардың мақсаты – шаршаудың алдын алу, ақыл-ой қабілетін қалпына келтіру, дене бітімі бұзылуының алдын алу.

**Мақсаты:** балалардың салауатты өмір салтын насихаттау

**Міндеттері:**

- физикалық, психологиялық стрессті төмендетуге ықпал ету;
- оқу іс-әрекеті процесінде шаршаудың алдын алуға, физикалық белсенділікті арттыруға ықпал ету;
- балалардың денсаулығын сақтау мақсатында жұмыс қабілеттілігін арттыруға ықпал ету.

**Өткізу мерзімі:** 08.09.2023 ж.
**Уақыты:** 12:00 с.

**Сергіту сәті челленджі** – салауатты өмір салтын насихаттау.

Бір мезгілде **өткізіледі,** әрбір білім беру ұйымы челленджге қатысушылардың өткізу орны мен киімін өз ықтиярымен айқындайды.

**Қатысушылар:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері. Қатысушылар саны ұйымның қалауы бойынша анықталады.

**Өткізілетін орны:** республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары ауа райы жағдайларын ескере отырып, өздері таңдайды.

**Іс шараның ақпараттық жария етілуін әрбір білім беру ұйымы** бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы **жариялайды**

**#физкультминутка #зож #сергітусәті**
**#явыбираюспорт #менспорттытаңдаймын**

Scanned with CamScanner

**«Әнұран айту» челленджі**

***Әнұран*** – мемлекеттің ең маңызды рәміздерінің бірі. Әнұранның Ұлттық ерекше аспектісі бар. Әнұран арқылы қазақ даласы әрбір қазақстандықтың өсуі мен қалыптасуының қасиетті бесігі ретінде жырланады.

Әнұран маңызды дыбыстық рәміз ретінде әрекет ете отырып, әрбір қазақстандықтың өз еліне, жеріне, халқына деген мақтаныш сезімін ояту мақсатында әнұранды орындай отырып, адамның рухани жағдайы мен өз еліне мақтаныш сезімі асқақтайды.

Әнұранды орындау – ең алдымен, қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастырады және әрқайсымыздың жеке басымызды дамыту мен қалыптастырудың басым бағыттарының бірі. Шынында да, мемлекеттік рәміздің әр элементінде терең мағына бар. Барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар сөздерді жақсы білуі және Әнұранды айта білуі қажет.

**Мақсаты:**

білім алушылар арасында патриотизм мен азаматтық сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

**Міндеттері:**

- білім беру ұйымдарының барлық білім алушыларының ел әнұранының мәтінін жатқа айту;
- еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрмет сезімін қалыптастыруға ықпал ету;
- білім алушылардың бірлігі арқылы өз Отаны үшін қадір-қасиет сезімін қалыптастыру.

**Өткізу мерзімі:** 23.10.2023 ж.
**Уақыты**: 12:00 с.

Білім беру ұйымының қабырғасында білім алушылар мен педагогтердің музыкамен жанды дауыспен Мемлекеттік Гимнді **орындауы.**

**Қатысушылар:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері.

**Өткізілетін орны:** республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары ауа райы жағдайларын ескере отырып, өздері таңдайды.

**Іс шараның ақпараттық жария етілуін әрбір білім беру ұйымы** бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы **жариялайды**

**#гимнказахстана**
**#қазақстангимні**
**#мояродинаказахстан**
**#меніңотанымқазақстан**

Scanned with CamScanner

**«АСЫҚ АТУ» челленджі**

Ұлттық ойындар – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, қиялы мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Асық ойыны баланың жүйке-жүйесін қалыптастырады, ой-өрісін және көкжиегін кеңейтеді, мінезін төзімділікке, қозғалысын дәлдіккеептейді, көздің көру қабілетін арттырады. Асықты нысанаға алғанда қан тамырларының жұмысы жақсарады, ал қолға ұстап иіргенде, саусақ пен алақандағы жүйке нүктелері үйкеліске түсіп, ми тынығады. Ойын арнайы орынды талғамайды, үй ішінде, ашық алаңдарда, мектеп, балабақша аулаларында өткізуге болады.

**Мақсаты:** білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

**Міндеттері:**

- қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту және насихаттау;
- қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қастерлеу;
- оқушыларды асық ойынына баулу.

**Үйлестірушілер:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі

**Ұйымдастырушылар:** жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары.

**Қатысушылар:** жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары, педагогтері, республиканың барлық елді мекендерінің ата-аналары және қатысушылар санын білім беру ұйымы айқындайды.

**Өткізілетін орны:** республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары ауа райы жағдайларын ескере отырып, өздері таңдайды.

**Деректемелер:** асықтар, сақа, төсеніш

*Челлендж қатысушыларына ұсынылатын ойындар:*

**1)«Бес табан» ойыны** мергендікке тәрбиелеуді көздейді.

«Бес табан» ойыны R4 (ø400см) шеңберде ойналады, шеңбердің екі жағындағы ату сызық (асық тігілген көнен қашықтығы 5 метр оңға және солға) сызылады.

Шеңбердің ортасына көн сызығы (115см) сызылады және оған екі жағынан паралелль сызық (15см) түседі 13 асық тігіледі, бірінші болып 7 асықты атып алған команда немесе ойыншы жеңімпаз атанады.

Әр команда үш ойыншыдан тұрады. *1-сақа, 2-сақа, 3-сақа*

Ату кезеңін төреші сақаларды іиру арқылы анықтайды және ойын уақытын 15 минут белгілейді. Ойын 2 жеңіске дейін жалғасады. Ойынға қатысушылар ату сызығынан (115см) кезек бойынша шеңбер ішіндегі көндегі

Scanned with CamScanner

асықтарды атады. Мұнда көнге тігілген кеней асықтардың арасы бір сақа тең болуы шарт және кенейлер алшысы жағынан бүк, шік болып тігіледі.

Ату кезінде сақа тиген кеней асық шеңбер сызығынан өтуге міндетті, егер асықты сызықтан шығарып алса ойыншыға мүмкіндік береді, төреші ойыншыға шеңбердің (ø400см) сыртынан яғни белгіленген ортадағы сызықтан көндегі кеней асықтарды атуға рұқсат береді, атқан асығы шеңберден шықса, ойын ары жалғасын табады, шығара алмаса кезек ату сызығынан қарсылас ойыншыға беріледі.

**2) «Бес асық» ойыны** ептілік пен алғырлыққа баулиды

Әр ойыншыда бес асықтан болады. Асықтың салмағы (11гр. ені 2см; ұзындығы 3.5см; 9 гр. ені 2 см. ұзындығы 3 см.) кем болмауы керек, (ұсақ малдың асығы ойын алаңына қатыстырылмайды) ал жоғары болуына рұқсат. Асықтар сіңірінен жақсылап тазартылған болсын. Төрт асық бір түспен, хан басқа түспен боялады. Түстерді таңдау ойыншының өз еркінде. Ойыншының киім нысаны спорт үлгісінде немесе ұлттық үлгіде, аяқтарына мәсі немесе чешки болуы шарт.

Ойын кезегі асықтарды иіру арқылы анықталады. Асығы алшысынан түскен ойыншы ойнау кезегіне ие болады. Бірінші ойыншы ойынның ережесін бұзғанша ойнайды. Кейін ойынға екінші, үшінші ойыншы өз кезегімен кіріседі. 6, 7 ,12 және ұпайдан басқа ойындар бір қолмен ойналады. Ойыншы жерден (кілемнен) асықтарды алғанда, асық алатын қолы басқа асықтарға тимеуі және кілемде жатқан ойын асықтары бір-біріне тимеуі керек және де асықтарды иірген кезде, ойнап жатқан кездерде қол да, асықтар да дене мен киімге жанаспауы керек. Екінші қолы тізесінің үстінде болуы шарт. Әр жаттығудан кейін ойынды бекіту. Әр жаттығуда хан бірден алынады, басқа жағдайда ойын кезегі келесі ойыншыға өтеді. Егер ойын барысында ереже бұзылса, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын жалғасы әрекеттің бұзылған жерінен басталады.

**Өткізілетін орны:** республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары ауа райы жағдайларын ескере отырып, өздері таңдайды.

**Іс шараның ақпараттық жария етілуін әрбір білім беру ұйымы** бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы **жариялайды**

**#асықату**
**#мояродинаказахстан**
**#меніңотанымқазақстан**
**#моястрана**
**#меніңелім**

Scanned with CamScanner

**«Шығарма жазу: болашаққа хат» челленджі**

Челлендж студенттердің эссе жазуға бағытталған, осылайша жазу арқылы өз ойын білдіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Шығармаларды "Тәуелсіз Қазақстандағы жетістіктерім", "менің болашағым", "менің елім үшін болашағым" және т. б. тақырыптарға жазу ұсынылады.

Челлендж білім алушылардың өз ойын қағаз бетінде жүйелі жазуға, ішкі тұжырымдарын сөзбен жеткізуге үйрету арқылы жазылым дағдысын жетілдіруге бағытталған.

Челленджде жазуға ұсынылатын шығарманы хат жазу түрінде жазғызуға болады. «Тәуелсіз Қазақстандағы менің жетістігім», «Менің болашағым», «Еліммен бірге болашаққа апарар жол» т.б. ел тәуелсіздігі күні қарсаңындағы әр білім алушының ел тағдырымен өз болашағы арасындағы сабақтасты туралы ойлануына негіз болатын тақырыпты ұсынуға болады. Шығарма тақырыбын таңдауда білім алушылардың жас ерекшелігін ескеру қажет.

**Жалпы, жазу** – бұл баланың өзінің жинақталған білімін білдіру.

**Мақсаты:** Білім алушыларға өзінің жеткен жетістіктері, алға қойға жоспарлары мен болашағы туралы шығарма жазу

**Міндеттері:**

- ✓ Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту
- ✓ Өз ойларын қағаз бетіне жүйелі жазып жеткізу дағдыларын жетілдіру
- ✓ Білім алушылардың өзін-өзі дамыту және сыни ойлау дағдыларын жетілдіру.

**Өткізілетін күні:** 13.12.2023 ж.

Уақыты: 12:00

**«Шығарма жазу: болашаққа хат»** ЧЕЛЛЕНДЖІ барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар өз жетістіктері туралы бір уақытта шығарма жазуды ұсынады.

Челленджіңө**тетін орнын** әр білім беру ұйымы дербес таңдайды және қатысушылардың жас ерекшеліктері ескерілуі қажет

**Қатысушылар**: республиканың барлық елді мекендерінің жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары

Іс-шараның **ақпараттық жария** етілуін әрбір білім беру ұйымы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұсыну арқылы жариялайды

**#моеписьмо**
**#моебудущее**
**#шығармажазу**

Scanned with CamScanner

**«Қазақ есебі»челленджі**

Математикалық есептер шығару білім алушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамытуға, логикасын, зейінін жаттықтыруға ықпал етеді.

Математикалық есептерді шешу білім алушыларды ойлануға, модельдеуге, болжауға және нақты мысалдарды дәлелдеуге негіз болады, бұл күнделікті өмірде ең қарапайым және күрделі мәселелерде оң шешім қабылдауына әсер етеді.

**«Қазақ есебі»**челленджі ф-м.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым-математикЖұмадилдаев Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шешуге арналады.

**Мақсаты:** білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету

**Міндеттері:**

- ✓ Білім алушылардың математикалық және логикалық есептерді шығаруға деген қызығушылығын ояту;
- ✓ Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту;
- ✓ Математикалық білімнің өмірмен байланысын көрсету.

**Өткізілетін күні: 26.01.2024 ж.**

**Уақыты: 12:00**

«Қазақ есебі» **челленджі**білім беру ұйымдарында бір уақыт А.Жұмаділдаевтің ұсынған есептерін шығаруды қамтиды

Челленджді**өтетін орнын**әр білім беру ұйымы дербес таңдайды ж білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет

**Қатысушылар**: республиканың барлық елді мекендерінің жалпы о қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыл

Іс-шараның **ақпараттық жариялылығын** әрбір білім беру ұй бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұ арқылы жариялайды

**#яматематик**

**#математикаижизнь**

**#есепшығару**

**#креативноемышление**

Scanned with CamScanner

**«Оқуға құштар мектеп»челленджі**

Қазіргі уақытта білім беру және мәдени саясаттың жалпыұлттық міндеті – білім алушыларды көркем әдебиетті оқуға тарту, оқу мәдениетін дамыту және кітап оқудың құндылық ретіндегі беделін арттыру. Көркем әдебиетті оқу – еркін сөйлейтін, ойын дұрыс жеткізетін, сауатты жазуға қабілетті ақыл-ойы дамыған, рухани-адамгершілік тұрғыдан жетілген тұлғаны әлеуметтендірудің және дамытудың маңызды құралы.

Кітап оқу өз кезегінде білім алушылардың кітап оқу белсенділігін арттыруға және оқу мәдениетін дамытуға ықпал етеді. Көркем әдеби- шығармаларды оқу негізінде білім алушылардың рухани дүниесін байиды, ой- өрісі мен дүниетанымы кеңейеді.

**«Оқуға құштар мектеп» челленджі**отандық және әлемдік озы шығармаларды насихаттауға, білім алушылардың кітап оқуға қызығушылығы оқу сауаттылығын арттыруға, оқыған кітабын жалпылау және талд қабілеттерін дамыту негізінде шығармашалық қиялын қалыптастыруға, кіт оқуға құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар челлендж біл алушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға да негіз болады.

Мақсаты: Білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсе кітап оқуға тарту.

Міндеттері:

- ✓ Білім алушының функционалдық оқу дағдысын және шығармашыл қиялын дамыту
- ✓ Білім алушының кітап оқуға қызығушылығын ояту
- ✓ Білім алушыларда оқыған кітаптарының мазмұны мен сүй кейіпкерлерінің мінез-құлқы туралы өзара талқылауға негізделген кар қатынас жасау мәдениетін дамыту

Әдістемелік ұсыным:

**Өткізілетін күні:** 28.02.2024 ж.

**Уақыты:** 12:00

Оқуға құштар мектеп **челленджі** – кітап оқу мәдениетін дәріптеу

**Ұйымдастыру:** барлық білім беру ұйымдарында бір уақытта б алушылар өздері таңдаған кітабынан үзінді оқиды және басқа қатысушылар ой бөліседі

Челлендждің**өтетін орнын** әр білім беру ұйымы дербес таңдайды ж қатысушылардың жас ерекшеліктері ескерілуі қажет

**«Сүйікті кітабым»** көрмесін ұйымдастыру ұсынылады

**Қатысушылар:** республиканың барлық елді мекендерінің жалпы с қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыл

Іс-шараның **ақпараттық жария** етілуін әрбір білім беру ұй бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде позитивті ұ арқылы жариялайды

**#оқуғақұштармектеп**
**#люблючитать**
**#моялюбимаякнига**

Scanned with CamScanner

«БЕКІТЕМІН» ____________
Тәкей Есетов атындағы
№264 мектеп-лицей
директоры Б.С.Тумурзаев

**Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің 2023-2024 оқу жылында «Тоғыз айға тоғыз шара» жүргізілетін тәрбие жұмыстарыны іс-шаралар жобасының жоспары**

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория (сыныптар) | Ұйымдастыру түрі | Мерзімі | Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын | Жүзеге асырушы жауапты мамандар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Сергіту сәті» Отбасы күніне арналган жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар #физкультминутка #зож #менспроттытаңдаймын #явыбираюспорт | 1-9 сыныптар | «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы челлендж | 8.09.2023 ж | ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі | ДТЖО Дене шынықтыру пәні бірлестігі Мырзабев Канат 87477055800 Сынып жетекшілер |
| 2 | «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында Республика күні «Әнұран орындау» байқауын ұйымдастыру | 1-11 сынып жетекшілері | Анықтама челлендж | 23.10.2023ж | ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары | ДТЖО Абдигапбаров Сабыр 87755258484 Кимов Габдул 87715421313 Сынып жетекш Қыдырәлі Дула 87475402597 |
| 3 | «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында «Асық ойыны» ұлттық жарысын ұйымдастыру | 1-11 сыныптар | челлендж | 17.11.2023ж | ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары | ДТЖО Абдигапбаро Сабыр 877552584 Кимов Габд 877154213 1 1-11 сыны жетекшілер Шерниязо Талгат Куанышев |

Scanned with CamScanner

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 87025450311 Көшекбаев Айдос 87027060960 |
| 4 | «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Болашаққа хат» | 5-11 сыныптар | шығарма жазу | 12.12.2023 | ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары | Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Байдилдаева Гүшат 87078476186 |
| 5 | «Тоғыз айға 9 іс- шара» жобасы аясында «Қазақ есебі» | 5-7 сыныптар | Интеллектуалды сайыс | 25.01.2024ж | ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары | ДТЖО Сынып жетекші Математика пәнінің мұғалімдері Әйтбай Ақжүн 87768708803 |
| 6 | «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Тұлпар мініп ту алған» | 5-11 сыныптар | Батырлар жырын оқу эстафетасы | 29.02.2024ж | ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары | Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі Нурдавлетова Клара 8702389189 Рамберді Сандуғаш 8705723942 |
| 7 | «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Шахмат және тоғызқұмалақ-ұлтымыздың ақыл-ой спорт түрі» #игравшахматы #шахматистыказахстана #шахматойыны | 1-11 сыныптар | Турнир челлендж | 12.04.202ж | ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары | ДТЖО Сынып жетекші Дене шынықтыру бірлестігі Мырзабев Қанат 8747705580 Рзаев Бексұлтан Тілеубаев Ермек 877519102 |
| 8 | «Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Домбырашылар» # қазаққүйі # домбырашылар # домбристыказахстан #күй ойнайды төрімде | 1-11 сыныптар | Турнир челлендж | 17.03.2023ж | ҚР Оқу-ағарту министрлігіне қарасты білім беру ұйымдары | ДТЖО Сынып жетекші ҚББО Рахметова Ман Әбілқасымқыз 87059525453 Нарманова Сау. Абдыгалиевна 87776634648 |

Scanned with CamScanner